

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ
«BILIM QAZYNA» КММ
№6 «ОРМАН ЕРТЕГІ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ МКҚК

Ақтөбе қаласының білім бөлімінің

«29» 08 2024ж

№ 400 бұйрығымен

БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА

«Туған өлкем»

(ересек тобы)

Ақтөбе 2024ж

«Ақтөбе қаласының энциклопедиясы» Ақтөбе, 2002ж

№ 6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасының педагогикалық кеңес отырысында «Туған өлкем» бағдарламасы талқыланды.

«27» тамыз 2024ж

04/8

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Туған өлкем» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

«28» 08 2024 ж

Ж.І. (қолы)

Ж.Б. Шалабаева
(аты-жөнү)

**Ақтөбе қаласы, №6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасының
«Туған өлкем» бағдарламасына**

ПІКІР

Отанға деген сүйіспеншілік туған өлкеге деген сүйіспеншілік арқылы тәрбиеленеді. Ал туған өлкеге деген сүйіспеншілікті жеке бастың жинақтаған өмір тәжірибесінен туады. Балаларды кішкентайынан өз республикасын шынайы сүйетін азамат етіп өсіру – әр педагог ұжымның басты міндеті.

Оның мақсаты балаларды қоршаған дүниені тануға тәрбиелеуге күнделікті отбасы балабақша қоршаған орта, табиғат көрінісін адам, қоғам, табиғат деп қарастыру арқылы таныстыру көзделеді. Себебі, қоғамды табиғаттан бөліп қарауға ешқандай мүмкіндік жоқ.

Қоғамның дамуына қажеттінің бәрі табиғаттан алынады. Табиғат пен қоғамның осы байланысын балаларға жеңілден ауырына қарай таныстырып ұғындыру. Айналадағы табиғат көріністерді көрсете отырып, түсіндіру барысында жүргізіледі.

Осындай жұмыстарды жүзеге асыру үшін отбасы мен балабақша арасында тығыз жүргізілген жұмыстар көрсетіледі. Яғни, балаларды саябаққа, мәдени орындарға, мұражай, театр, спорт кешендеріне апарып сұлу көріністерді көру арқылы оларды бағалай білу қажеттілігі түсіндіріледі.

Қазіргі заман талабына сай адамдар туғаннан тез өзгеретін әлеммен жиі соқтығысады. Сондықтан баланы осы кезден өз бетімен қабілеттілікке үйрету өмірдің қиын кезінде ойлауға және логикалық нақты шешімдерді қабылдауға үйрету, мектепке дейінгі ұйымның білім бөлімінде ең қажетті іскерлікпен дағдылары қалыптастырылып, игеру арнайы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Бағдарламаны №6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшасының әдіскері Г.А Малаева құрастырған.

«Туған өлкем» бағдарламасы ересек тобының оқу-тәрбие жұмыстарында қолдануға бағытталып ұсынылады.

Күтілетін нәтиже: Мектеп жасына дейінгі балалардың сана-сезімінде туған жеріне, еліне деген шынайы сезім қалыптасады.

Пікір беруші:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, жалпы педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты



ТҮСІНІК ХАТ

Балалардың деңгейіне сай түсінікті етіп қала тарихы , ескерткіштері , мәдениеті туралы , қаланың қоғамдық өмірінің маңызды жақтары туралы білім мазмұнын таңдап, оны балалар санасына жеткізу.
Ұйымдастырылған іс- іркет кезінде интеллектуалды ойын түрінде , көңілді кештер , жарыс ойындар түрінде өткізіледі .

Мақсаты : Балаларды туған жерінің атақты адамдарын , табиғатын , байлығын бағалай біледі.

Міндеттері :

- мектеп жасына дейінгі балаларға өзінің туған жері, елі туралы қарапайым ғылыми түрде білім беру;
 - туған жерінің табиғаты, салт- дәстүрі, елінің байлығы, мәдениетімен таныстыру;
 - өзінің ана тілінде анық сөйлеуге және сөздік қорын молайтуға өз ойларын ашып айтып, шағын әңгіме құруға үйрету;
- «Атамекен» бағдарламасы ересек тобына (4- жас) арналған, сағат саны

36, аптасына 1- рет өткізіледі , бағдарлама 3 жыл бойына жүргізіледі.

Күтілетін нәтижелер :

- туған өлкесі туралы мағлұматтар біледі ;
- шығармашылық әңгімелеуде байланыстыра сөйлейді;
- туған жерінің атақты адамдары туралы , салт – дәстүрі , елінің байлығы , қаланың көрікті жерлерін ,мәдениетін атайды;

Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы
1	«Туған жердей , жер болмас »
2	«Менің көшем»
3	«Туған жердің тынысы»
4	«Күзгі жәрмеңке»
5	Туған жердің өнімдері Сюжетті ойын «Супермаркет»
6	«Ақтөбе –алтын бесігім»Кітапшалар жасау
7	Жан – дауасы (жолжелкен, қалақай, бақ-бақ) Сюжетті ойын «Дәріхана»
8	Туған жердің байлығы
9	«Туған өлкем , қандай көркем»ДО «Көрікті жерлерді ата»
10	«Әсем ән мен тәтті күй» ДО «Дыбысынан ажырат»
11	«Еңбекқор ата »
12	Халық батыры «Есет батыр»
13	« Жап – жасыл ағашы » (қарағай, терек, тал, шырша, шетен мойыл, ақ қайын)
14	«Жағажай »(сазды ,ақтөбе ,қарғалы , елек өзендері)
15	«Туған жерім мақтанышым»
16	Туған жер – алтын бесік (әңгіме оқу
17	Елін сүйген ер болар. (ағайынды Жұбановтар)
18	Зауыттар ДО «Не пайдалы , не зиян»
19	«Арайлы Ақтөбем!»интеллектуальды ойын
20	«Денсаулық көзі» Сюжетті ойын «Дәріхана»
21	Туған жер ыстық әрқашан .(шығармашылық әңгіме)Кітапшалар қарау
22	Менің қалам әңгіме)(Ақтөбе балаларының шығармашылық қобдишасы 65-бет)
23	Туған жердің мақтаныштары
24	Көктем(әңгіме оқу)(Ақтөбе балаларының шығармашылық қобдишасы 64-бет)
25	Ақтөбедегі сауда орталықтары(Орталық базар , Мега шығыс , Отрар сауда орталығы , Нұрдаулет сауда орталығы)
26	Ақтөбедегі- Наурыз(шығармашылық әңгіме)
27	Сюжетті ойын «Театр бізде қонақта»
28	Ойын «Балық аулау»
29	«Ақтөбе – туған өлкем»интеллектуальды ойын
30	«Батыр апа – Әлия »
31	«Ер есімі –ел есінде» (ескерткіштерге саяхат)2-сағ
32	Батырлар (Ақтөбе балаларының шығармашылық қобдишасы 78-бет тақпақ жаттау)
33	«Саябаққа саяхаттау» 2-сағ
34	Туған жер туралы не білеміз ?

T. ellend

Тақырыптық күнтізбелік жоспар

№	Тақырыбы	Бағдарлама міндеттері
1	«Туған жердей , жер болмас »	Балаларға туған жердің маусымдық ерекшелігі, әсемдік сұлулығы, байлығы туралы түсінік беру. Табиғатты қорғауға , аялауға туған жерді құрметтеуге тәрбиелеу
2	«Менің көшем»	Балаларды өз мекендері туралы түсініктерін кеңейту . Өз көшелерін атағын құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Туған жерге деген патриоттық сезімін арттыру
3	«Туған жердің тынысы»	Ақтөбе өңірінің тіршілігі , оның ауыл шаруашылығымен таныстыру. Төрт түлік мал ,құс өсірілетінін ,олардың пайдасын айту.Еңбекшілердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.
4	«Күзгі жәрмеңке»	Қаланың күз мезгіліндегі әсемдігін әңгімелей отырып , қағаз бетіне бейнелей білу шеберліктерін арттыру . Болашақ қаланың көркейуіне үлес қосуға тәрбиелеу . Балалардың туған қаласына деген патриоттық сезімін ояту.
5	Туған жердің өнімдері Сюжетті ойын «Супермаркет»	Ақтөбе өндірістері Рамазан, Ақтөбе нан, АИС, Көктас, Ақтөбе кондитердің өнімдерімен таныстыру. Өндірістердің бір- бірінен өзгешелігін атап өту.Өнімдердің сапасы ,адамдарға тигізер пайдасын түсіндіре отырып, үлкендер жұмысын бағалай білуге тәрбиелеу.
6	«Ақтөбе –алтын бесігім» Кітапшалар жасау	Балаларға өлең шумағы туған жерге деген сезімін ояту, туған жер , туған өлкем сөздерінің мағынасын тереңірек түсіндіру Такпақты мәнерлі айтуға , сөздік қорын молайту.Туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру.
7	Жан – дауасы (жолжелкен, қалақай, бақ-бақ) Сюжетті ойын	Балаларды Ақтөбеде өсетін дәрілік шөптермен таныстыру. Олардың айырмашылығын салыстыра отырып , емдік қасиеттерін айта білуге үйрету. Дәрілік шөптерге қамқорлық жасай білуге

T. Ilyus

	«Дәріхана»	тәрбиелеу.
8	Туған жердің байлығы	Ақтөбедегі пайдалы қазбалар шығатын жерлермен Хромтау, Кеңкияқ, Жаңажолмен таныстыру. Балаларды туған жердің байлығын қорғай, сақтай білуге тәрбиелеу.
9	«Туған өлкем , қандай көркем» ДО «Көрікті жерлерді ата»	Балаларды Ақтөбенің көрікті жерлерімен таныстыру. Қаладағы «Нұрдаулет» мешіті, "Нұр ғасыр" мешіті оның маңызын айтып түсіндіру. Балалардың туған жерге деген сезімін оята отырып, өз елінің көркейе беруіне үлес қосуға тәрбиелеу.
10	«Әсем ән мен тәтті күй» ДО «Дыбысынан ажырат»	Атақты күйші Н.Байғаниннің өмірі мен өнері жөнінде таныстыру. Күй деген сөздің мағынасын түсіндіру. Халық даналығына, дәстүріне сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.
11	«Еңбекқор ата »	Жерлесіміз Шығанақ атамyzдың өмірі мен еңбегі туралы айту. Еңбегін ерекше атай отырып, балаларды үлкендердің еңбегін қастерлеуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.
12	Халық батыры «Есет батыр»	Халық батыры жерлесіміз Есет ата өмірімен таныстыру. Данышпандыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Батырға еліктеу , мақтаныш, құрмет сезімін ояту.
13	« Жап – жасыл ағашы » (қарағай, терек, тал, шырша, шетен мойыл, ақ қайың)	Ақтөбе қаласында өсетін ағаштармен таныстыру. «Бір тал кессең ,он тал ек» - мағынасын түсіндіру. Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.
14	«Жағажай » (сазды ,ақтөбе , қарғалы , елек өзендері)	Ақтөбе өзендері туралы түсінік беру. Өзендердің атауларының аталу ерекшеліктеріне сипаттама беру. Табиғат аясында өзін мәдениетті ұстауға ,қоршаған ортаны ластамай таза ұстауға тәрбиелеу.
15	«Туған жерім мақтанышым»	Туған жерінің тарихын білуге, табиғатын аялап, жерімізді, елімізді қорғаған батырларын құрметтеп, туған өлкеге сүйіспеншілігін арттыруға, сұрақтарға

T. Ilyas

		толық жауап қайтарып, интеллектуальды ойынның жеңімпазы болуға қызығушылығын арттыру.
16	Туған жер – алтын бесік (әңгіме оқу)(Ақтөбе балаларының шығармашылық қобдишасы 117-бет)	Балаларға әңгімені оқып беру арқылы, туған жерге деген сезімін жүйелі, мазмұнды әңгімелей білуге дағдыландыру. Әңгіме желісіне қарай, мағыналы ойлау қабілетін дамыту. Туған жер қадірін құрметтей білуге тәрбиелеу.
17	Елін сүйген ер болар. (ағайынды Жұбановтар)	Балаларды ағартушы- педагог Қ. Жұбанов, атақты композитор А.Жұбанов өмірімен, еңбек жолымен таныстыру. Қ. Жұбанов атындағы университет туралы түсінік беру. Балаларды болашақта адал, адамгершілігі мол, білімді адам болуға тәрбиелеу.
18	Зауыттар ДО «Не пайдалы, не зиян»	Ақтөбедегі (АЗФ, АЗХС) зауыттарымен таныстыру. Зауыт туралы түсінік беру, олардың атқаратын қызметкерлерімен табысу және шығаратын өнімдері, халыққа тигізетін пайдасы туралы мағлұмат беру. Зауыттарда жұмыс жасайтын үлкендер еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.
19	«Арайлы Ақтөбем!» интеллектуальды ойын (ата – аналар қатысуымен)	Туған жерінің тарихын құрметтеуге, елімізге туған өлкеге сүйіспеншілігін арттыруға, сұрақтарға толық жауап қайтарып, интеллектуальды ойынның жеңімпазы болуға қызығушылығын арттыру.
20	«Денсаулық көзі» Сюжетті ойын «Дәріхана»	Ақтөбе қаласындағы «Айгерім» емханасы, Обл емхана, Перзенхана, «Дару» емханасы туралы балаларға түсінік беру. Ақ халатты абзал жандар туралы әңгімелей отырып, олардың еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.
21	Туған жер ыстық әрқашан. (шығармашылық әңгіме) Кітапшалар қарау	Балаларға өз қаласы туралы жүйелі әңгімелей білуге үйрету. Өз бетімен әңгіме құрау арқылы, балалардың ойлау қабілетін дамыту. Туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, адамгершілікке тәрбиелеу.
22	Менің қалам (әңгіме)	Ақтөбе қаласы туралы әңгімені оқи отырып, қаланың көрікті жерлерін атай білуге,

T.ellur

	(Ақтөбе балаларының шығармашылық қобдишасы 65-бет)	жылдан жылға қаланың көркейіп келе жатқанын әңгімелеу.Әңгімені мазмұнды әңгімелей білуге жаттықтыру. Балалардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.
23	Туған жердің мақтаныштары	Ақтөбеде туып өскен атақты адамдар М.Оспанов, Т. Ахтанов жазушы, Қанат, Света Айтпаевалар әнші, Ж.Айжанова т.б өмірлерімен, еңбек жолындағы табыстары туралы әңгімелеу. Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.
24	Көктем (әңгіме оқу) (Ақтөбе балаларының шығармашылық қобдишасы 64-бет)	Балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін тиянақтау. Шығарма мазмұнындағы көктем ерекшелігін , әсерлі әңгімелей білуге дағдыландыру. Әр жыл мезгілінің табиғи сұлулығын, балалардың бойына сіңіре өсуіне, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.
25	Ақтөбедегі сауда орталықтары (Орталық базар , Мега шығыс , Отрар сауда орталығы , Нұрдаулет сауда орталығы) ДО «Сүйікті қалам»	Ақтөбе қаласындағы сауда орталықтарының маңыздылығын түсіндіре отырып , сауда адам қажеттілігі екені туралы мағұлмат беру. Сауда орталықтарының бір – бірінен айырмашылықтарын ажырата білу . Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.
26	Ақтөбедегі-Наурыз (шығармашылық әңгіме)	Қазақтың ұлттық жаңа жылы Ақтөбе қаласында қалай тойланатыны туралы , балалардың жүйелі әңгімелей білуі, Наурыз мерекесінің негізгі ерекшелігі наурыз көже екендігін, көженің , жеті тағамның ерекшелігін атап түсіндіру. Балалардың бойына ұлттық сезім ояту.
27	Сюжетті ойын «Театр бізде қонақта»	Балаларды «Алақай» қуыршақ театры, Драм театрымен таныстыру. Театр қойылымдарынан алған әсерлерін әңгімелету. Іс-әрекетімен , тіл байлықтарын қалыптастыру.Театрға деген сүйіспеншілігін арттыру.
28	Ойын «Балық аулау»	Ақтөбеде тіршілік ететін балық түрлері шортан, сазан, ала бұға, жайын, ақмарқа, аққайран, шорағай,табанжөнінде түсінік беру.Балықтардан түрлі тағамдар жасалатынын түсіндіре отырып,

Т. ел...

		балалардың ойлау қабілетін дамыту. Балықтарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.
29	«Ақтөбе – туған өлкем» интеллектуальды ойын (ата – аналар қатысуымен)	Туған жерінің тарихын білуге, табиғатын аялап, жерімізді, елімізді қорғаған батырларын құрметтеп, туған өлкеге сүйіспеншілігін арттыруға, сұрақтарға толық жауап қайтарып, интеллектуальды ойынның жеңімпазы болуға қызығушылығын арттыру.
30	«Батыр апа – Әлия »	Ақтөбелік жерлес апамыз Әлия Молдағұлова өмірі және ерлігімен таныстыру. Әлия апамыздың ерлігін мақтан тұту. , балаларды батырлыққа, данышпандыққа тәрбиелеу.
31	«Ер есімі –ел есінде» (ескерткіш терге саяхат) 2-сағ	Қаланың басты даңғылы Әбілқайыр хан ескерткіші, Ә. Молдағұлова даңғылындағы «Мәңгі сөнбейтін алау» ескерткіші, Әбілқайыр хан даңғылындағы Н.Байғанин, ескерткіштерімен танысу. Ескерткіш не үшін қойылатынын түсіндіру. Батырлар еңбегін , ерлігін құрметтеуге, Отанды суюге тәрбиелеу.
32	Батырлар (Ақтөбе балаларының шығармашылық қобдишасы 78-бет тақпақ жаттау)	Өлең шумағын оқи отырып ,батыр аға, апаларымыздың ерлігін мәңгі ұмытпай, есте сақтау керектігін және өлең шумағын мәнерлі айтуға дағдыландыру. Батыр ағалардың ерлігін , мақтан тұтуға, құрмет көрсетуге тәрбиелеу.
33	«Саябаққа саяхаттау» 2-сағ	Саябақтардың адамдар демалудағы маңызын әңгімелей отырып, өздері саябақта демалғанда қандай әсер алатынын әңгімелеу арқылы, балаларды тазалыққа, мәдениеттілікке тәрбиелеу.
34	Туған жер туралы не білеміз ?	Жыл бойы алған білімдерін қорыта отырып туған жерлерін мақтан ету дағдыларын дамыту , туған жердің көркейуіне үлес қосуға тәрбиелеу.

А.Аллаев

Қолданылған әдебиеттер.

Негізгі бөлім:

1. «Ақтөбе қаласының энциклопедиясы» Ақтөбе, 2002ж
2. «Ақтөбе балаларының шығармашылық қобдишасы» Ақтөбе 2007ж
3. Қ. Еламанов «Ата-бабалардың даналық сөздері» Ақтөбе 2001
4. «Қазақстан еліне сыйқырлық саяхат» Шикула и К 2008ж
5. М. Қазыбек «Қазақ халық ертегілері» Шымкент 2003ж
6. У. Қауысов, Ғ. Байдербесов. «Әлия-батыр қызы сен халқымның» Ақтөбе, 1995ж
7. М. Мырзағұл «Ақтөбем-алтын бесігім» Алматы Ана тілі 1999ж
8. Н. Оралмағанбетов, М.Есмағанбетов, «Аңыздар мен ақиқаттар өлкесі» Алматы, 2001ж

Қосымша бөлім:

9. Бала және балабақша № 5 2013ж
10. Отбасы және балабақша №5, 2014ж
11. Отбасы және балабақша №7 2015 ж